

# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ - ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

Жандос Смағұл  
филология ғылымдарының докторы, профессор

## 1. «Әдебиет танытқыш» – ұлттық әдебиеттанудың әліпбиі

Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдардағы жоғарыда қарастырған мақалаларды кеңінен сөз еткенде, әдеби-теориялық ой-пікірдің ізденістері мен іркілістерін осыншама саралағанда, олардың А.Байтұрсынұлының әдебиет теориясының мәселелеріне бел шеше батыл кірісуін баруын байқату еді. Сол арқылы бұл кезеңде әдеби-теориялық білімдер жүйесінің дәрежесі жоғары болғанын, күрделі теориялық мәселелерге қалам тарта алғанын көрсету арқылы А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінің тақыр жерде пайда болмағанын аңдату болды. Яғни, бұл іргелі зерттеуде сол кезеңдегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің барлық жетістіктері мен ізденістері көрініс тапқан еді.

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы қалдырған рухани және ғылым-білім саласындағы орасан зор мол мұра ел тарихында алатын орнымен ғана емес, бүгінгі таңда да мән-мағынасын жоймаған көкейкестілігімен де ерекшеленеді. Ақаң қалам тартқан саяси-әлеуметтік мәселелерді былай қойғанның өзінде, филологиялық ғылым-білімдер жүйесіндегі кез келген соны ізденіс ғалым шығармашылығы мен ғылыми мұрасына соқпай өтпейді. Себебі А.Байтұрсынов – ұстаз, ақын, фольклортанушы, әдебиетші, тілші, ұлттық әдеби теориялық ой-пікірдің негізін қалаушы. Академик Р.Нұрғали айтқандай, кеңестік дәуірде: «А.Байтұрсынов қазақ әдебиеттануы ғылымының негізін салған, тұңғыш әдебиет теориясын жазған ғалым екендігін мойындамау шындық алдындағы қиянат» болып келді. [1, 5].

Тарихи шындық тұрғысынан алғанда, «Дүниеде төрт-ақ ғалым болған. Атап айтқанда, екеуі ислам діні енгенге дейін – Аристотель мен Александр Афродезейский, екеуі исламнан кейін - Әби Насыр әл Фараби мен Әби Әли ибн Сина» деген бекер айтылмаған. Осылардың ішінде Аристотель мен Әл Фараби - әлемдік әдебиет теориясының атасы, оның әдебиеттану ғылымының жеке саласы болып тууының басты тұғырын қалаған ғалымдар. Шынтуайтына келсек, Аристотельдің «Поэтикасын» қайта тірілтіп, оны толықтырған, жалғастырған, дамытқан бабамыз - әл Фараби. Біздің жыл санауымыздан бері көркем әдебиетті теориялық тұрғыда зерттеу саласында Әл-Фарабидің алдына түсетін ешкім жоқ. Ғылым, өнер-білім атаулы бізден тарады деп кеуде қағып жүрген еуропацентристік көзқарастағы ғалымдар «Өз бидайымызды өзімізге қайта қуырып беріп жүргенін» мойындағысы келмейді. Солай болса да бүкіл әлем Әл Фарабиді «Екінші ұстаз» деп танығалы қашан.

Мәселе онда да емес. Мәселе әдебиетті сөз өнері деп әлемге танытқан ғалымның түркі жұртынан шығуында. Әл Фарабидің әдебиет теориясы саласындағы ғылыми зерттеулері бүкіл әлемдік құбылыс болса,

А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» түркі тілдес халықтар ғана емес, бүкіл Орта Азиядағы соны серпін, айрықша жаңалық болды. Алайда тақыр жерге ештеңе өспейді. Қандай да болсын ғылым саласы бірден пайда бола қалмайды, ол туып, қалыптасу жолдарын бастан өткеруге тиісті. Ендеше «Әдебиет танытқышқа» барар жолда А. Байтұрсынұлы өзіне дейінгі бүкіл түркілік және ұлттық әдеби теориялық ізденістерге көз салмауы мүмкін емес. Сондықтан тым әріден қозғамасақ та ғылымға араласқан кезіндегі ұлттық әдебиеттанудағы алғашқы әдеби теориялық ізденістер мен Ақанның осы саладағы алғашқы қадамдары жағдаяттарына көз салған абзал.

1923 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде «Қазақша пән сөздер» деген баяндаманы Елдес Омаров жасады. Баяндамашы бұл мәселе бойынша Ахаңмен ақылдаспады, пікір алыспады десек, қатты қателесеріміз анық. Өзі «Әліпби тақырыбы» атты мақала жасайтын болғандықтан, бұл туралы сөйлеуді Е. Омаровқа үлкен сеніммен тапсырған. Баяндамадағы: «Қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде, оның жат дыбыстарын бұзбай енгізуге болмайды. Жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де, ішінде жат дыбысы бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді. Сөйте келе қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, хат танийтын бұқара біздің жазған сөзімізге түсінбейтін болады. Олай болмай, ойда жоқ бір керемет себептер болып бұқара оқығандардан қалыспай жат сөздерді жат дыбыстармен бұлжытпай айта алатын болып кетсе, қазақтың тілі бұзылады. Мұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды» деген пікірде Ахаңның ғұламалық ұстанымдары жатыр [2, 10]. Шынында да осы білімпаздардың бас қосуында соңғы күні төрағалық жасаған қырғыз оқығандарының өкілі Ишанғали Арбайұлы айтқандай: «Бұл съездің маңызы зор, қызыметі айрықша. Съезд негізгі мәселелерді шешті, елдің болашағына жөн сілтеді»

Осы туралы Ш. Құрманбайұлының: «Бұл қағидаттардың өмір талабына, тілдің даму үрдісіне сай келмейтін, ұлтшылдардың, алашшылдардың керіартпа, қате ұстанымы ретінде ғылыми дәлелсіз-ақ «дәлелденуі КСРО-ның саяси курсына бейімделуді көздеген, әміршіл орталықтың тапсырмасын бұлжытпай орындаудан аса алмаған кейінгі кезеңнің оқығандарының ісі еді... Жат сөздерді бастауыш мектептен бастап, білім жүйесінің барлық оқытып, жаттатқызып, жұртшылықтың санасына әбден сіңіргенгендігімізден, тіліміздің заңдылықтарын сақтап, ұлт тіліндегі термин шығармашылығын дамытуға дәрменіміз жетпей отыр. Елдестің осыдан сексен жылдан астам уақыт бұрын дұрыс айтылған «жақсы болмайдысының» тілдің тағдырын ойлап, біліп айтылған аландаушылық екендігіне бүгін көзіміз тағы жетіп отыр» деген пікірінде ащы ақиқат жатыр [2, 94].

А. Байтұрсынұлы пән сөздері туралы осы қағидаттар мен өзіндік ұстанымы съезден кейінгі жазған барлық еңбектерінде толық көрініс тапты. 1920 жылдар бас кезінен қазақ әдебиетінің әр салаларына батыл араласып пікір айта бастаған сыншылдық және әдеби мұра туралы ғылыми-зерттеушілік жұмыстары сапалық та, сандық та жағынан көркейе бастаған қазақ әдебиеттануы әдебиеттің теориялық мәселелерін ғылыми сөз етуді күн тәртібіне шұғыл қойды.


Бұл салада ерекше маңызы бар, жалпы өнер туралы, әдебиеттің тарихы мен теориясы туралы ұлттық әдебиеттану ғылымында ең алғаш жазылған еңбек - А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» (1926) атты оқу құралы болды. Үлкен білімдарлықпен, ғылыми терең дәлдікпен жазылған бұл еңбек екі-үш жылдан соң авторы ұсталып кеткендіктен, көпшілік арасына кеңінен тарап үлгермеді. Сонымен қатар, ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің өсу дәрежесін көрсететін ғылыми мәні соңғы уақытқа дейін дұрыс бағаланбай келді. «Әдебиет танытқыштың» қазақ әдебиеттану ғылымында алғашқы ғылыми зерттеу екені енді ғана айтылып, нақты бағасы беріліп жатыр. Ғалым Р.Нұрғалиев: «Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, методологиялық арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған» десе [1, 12], тілші-ғалым Р.Сыздықова: «Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты көлемді еңбегі - әдебиеттану ғылымы мен қазақ әдебиеті тарихына арналған тұңғыш зерттеу жұмысы: ...Мұнда автор көптеген жайттарды өзі шешіп, көптеген ұғымдарға терминдік атаулар ұсынады», - деп жазады [3].



Біздің ойымызша, «Әдебиет танытқыш» ғылыми зерттеу ретіндегі маңызы қалыптасқан әлемдік теориялық ұғым, түсініктерге қазақша балама тауып, нақты мысалдармен дәлелдеуінде ғана жатқан жоқ. Тұңғыш ғылыми зерттеу ретінде өз кезеңінде әдеби-теориялық білімдер жүйесінің қалыптасуына ерекше ықпал жасап қана қоймай, қазақ әдебиеттану ғылымының тууына негіз де бола алған еңбек екені айтылуда. «Әдебиет танытқыш» - жалпы көркем өнер, оның ішінде әдебиеттің барлық болмысы мен бітімін, көркем шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасын анықтау жолында ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірді ғылыми бір жүйеге түсірген, әдебиет теориясына ұлттық сипат дарытуда терминдерге қазақша мағына тапқан жан-қиярлық еңбегінің жемісі.


Автор осындай іргелі еңбекті жазу барысында қандай ғылыми әдебиеттерді пайдаланғаны туралы мәлімет те бермейді, сілтеме де жасамайды. Ол туралы әр түрлі болжамдар бар. Біздің ойымызша, ғалымның жаңашылдық бастамаларына негіз және тірек болған дерек көздер, «Әдебиет танытқыштың» қосымшасы ретінде шығуға тиісті болған «Нұсқалықта» көрсетілген болуы бек мүмкін. Алайда Ахаңның «Мәдениет тарихы» еңбегімен қатар «Қазақ тілінің теориясы» қолжазбасы сияқты бұл «Нұсқалық» та табылмай отыр. Бұл ретте А.Байтұрсынұлы әдебиеттану мен тілтануда пән сөздерін (терминдер) жасауда баға жетпес данышпандықтың үлгісін көрсетті. Ұлттық әдебиеттану қазір кеңінен қолданып жүрген негізгі пән сөздерін, категориялар мен ұғымдарды өте дәл және ойға қонымды жасап шыққаны таңқаларлық қабілеттілік.




«Әдебиет танытқышты» кейінгі жылдардағы әдебиет теориясы саласында жазылған еңбектермен салыстырып, әр теориялық ұғым-түсінікті автор қалай түсіндіргені мен әрбір терминнің қазақша баламасын көрсетіп жату өте көп орын алады және еңбектің ғылыми маңызын ашу үшін ол аса қажет те емес. Сондықтан біз А.Байтұрсынұлы жасаған теориялық жүйенің кестесін беруді жөн санадық. Әдебиет теориясынан хабары бар адамға бұл кестеден Ахаң жазған теориялық ғылыми жүйедегі ұлттық терминология мен зерттеушілік сипатты түсіну аса қиынға соқпайды.


## Сөз өнерінің жіктері мен топтары.
















Еңбектегі өнертану, әдебиеттану, фольклортану салалары бойынша осы кестедегідей терминдер жүйесінің жасалуынан Ахаңның кеменгер ғалымдығы танылады. Мұнда әдебиеттануға қатысты 327 термин қолданылған болса, оның 60-ы (18%) осы күнге дейін пайдаланылып жүр. 267-сі (80%) қазір қолданылмайды. Терминдердің жасалу жолына лингвистикалық тұрғыдан қарағанда, 67 термин дара тұлғада, 223 термин күрделі тұлғалы (2 сөзден 7 сөзге дейін) болып келеді. Белгілі бір сөз өнер құрылысына берілген атау, термин сол құбылыстың адам, қоғам өмірінің рухани-әлеуметтік табиғатынан туындап жатқандықтан да (атау, терминдердің мағыналарына құбылысты телу емес) ойға оралымды, көңілге қонымды болып шыққан. Сондықтан да «жалпы әдебиет дегеннің болмысы мен бітімін толғаған сөз өнерінің - әліпбиі» бола алған «А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» - қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен көрсеткіші болумен қатар, теориялық ой-жүйесіне мықтап түрен салған қазақтың парасатты толғамын, ойшылдығын эстетикалық таным-білігінің молдығын танытқан кезеңдік туынды» ғана емес [4, 275], Т.Кәкішев айтқандай: «Мұндай еңбек бізде бұған дейін де, бұдан кейін де қайталанған жоқ... Көркемдік әлеміндегі сөз өнерінің сай-саласын ұғындыратын «Әдебиет танытқышы» - қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған қондырғы-фундамент» [5, 210].

«Әдебиет танытқышты», жалпы А.Байтұрсынұлының ғылыми мұрасын, оқып-үйрену, игеру және пайдалану үшін, ең алдымен, бұл еңбектегі әр атау, ұғым-түсінік, термин және категориялық мән-мағынаны, мазмұнын түбегейлі түсініп алу керек. Академик З.Қабдолов: «Ахаң қалыптастырған әдеби теориялық терминдерге мұқият жауапкершілікпен қараған жөн. Ахаң терминдерін жапа-тармағай жіпке тізе бермей, таңдау керек, сөйтіп барып

талдау керек», -дей келіп, бүгінгі теориялық деңгейден табыла қоймайтын кейбір атауларды оп-оңай формализмге, абстракционизмге, болмаса канон жасап қисық қисынға, қасаң қағидаға айналдырып алмау керектігін атап көрсетеді. Алайда «Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай үш түрлі арнаулы әрқайсысымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып, біз де (Жұмалиев те, Ысмайылов та, мен де) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ, амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекене сілтеу жасауға мәжбүр болдық», - деп З.Қабдолов айтқандай, кейінгі жазылған еңбектерде қолданылған теориялық терминдердің баламаларын былай қойғанның өзінде, алдағы уақытта ғылыми айналымға енгізуге сұранып тұрғандары да баршылық [6, 9]. Мысалы үшін көсемсөздің қазіргі ғылыми термин ретінде қолданылып кеткеніндей, «нақыл сөз», «қанатты сөз» деп жүрген афоризмді ділмар сөз, эссені - заман хат деп А.Байтұрсынұлы берген атаулармен атасақ, ұтылмаймыз. Немесе «Шешен сөз» дегендегі оның саясат шешен сөз, билік шешен сөз, қошамет шешен сөз, білмір шешен сөз, уағыз шешен сөз деген түрлерінің атауларын орнын дәл тауып пайдалансақ, ұлттық таным-біліктен алыс жатқан жоқ. Шешен сөз очерк жанрының баламасына жақын келсе, ішкі түрлерге бөлуде де сәйкестік байқалады.

А.Байтұрсынұлының қара сөз бен дарынды сөз жүйесін сөз ету барысында, әдебиеттің тегі мен түрі мәселесіне келгенде фольклор және әдебиет тарихына шолу жасап өтеді. Бұл турасында З.Қабдолов: «Мұның өзі бір қарағанда әдебиет туралы ғылымның екі саласын (тарихы мен теориясын) қосып, қойыртпақтап жібергендей көрінеді. Бірақ байыбына барыңқырасақ, ол мұнда да әдеби-теориялық ұғымдар қалыптастырып, өзінің «Әдебиет танытқышын» тағы да сөз өнерінің әсем әліппесінде айналдырады», - деген пікір білдіреді. Біздің ойымызша, автор фольклор туралы ой-толғағанда оны жанрлық тұрғыдан классификация жасаудың алғашқы жобасын жасап, ғылыми анықтамасын жазып шықты. М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» 1927 жылы, Х.Досмұхамедовтің «Қазақ халық әдебиеті» 1928 жылы шыққаны белгілі. Ендеше осы екі еңбектегі қазақ фольклорының жүйеленуіне негіз болған да осы «Әдебиет танытқыш» екені даусыз. Ол жоғарыдағы кестеден айқын байқалады.

Ал әдебиет тарихына келгенде, А.Байтұрсынұлы оны дәуірге бөлуде өзіндік жеке көзқараспен қарайды. Жазба әдебиетті діндар дәуір және ділмар дәуір деп бөлгенімен, кейін оны сындар дәуір деп тармақтайды да, ол ұлы Абайдан басталады деп көрсетеді.

1920 жылдардың бас кезінде жазба әдебиетті Абайға дейін және кейін деп бөлген көзқарас болғанын айтқанбыз. Р.Мәрсекөв «Қазақ әдебиеті жайынан» («Қазақ», 1914, №112) мақаласында «жазудың қазақ арасына көбірек тараған заманындағы әдебиет» деп атаған дәуірді, М.Әуезов «Қазақ әдебиетінің дәуірі» («Шолпан», 1923, №5) мақаласында «көшпелі дәуір әдебиеті» атаған кезеңді (Абайға дейінгі) сөз еткенде діни сарын мен шығыстың сюжеттік желілерді жырлау басым болғанын атап көрсеткен болатын. Сондықтан да болар, А.Байтұрсынұлы бұл кезеңді «діндар дәуір» деп атап, оған қисса, хикаят, мысал, насихат (үгіт), мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, термені жатқызады. Бәрін дұрыс демеген күннің өзінде қисса мен хикаятты фольклорлық жанрға бірде

енгізіп, бірде енгізбей келгеніміз, әдебиет теориясынан орын бермегеніміз рас қой. Ұлттық әдебиет тарихын дәуірлеудегі ғалым жожасы бұрын-соңды айтылмаған тың үлгі болды.

Негізінен А.Байтұрсынұлының «Жазба әдебиеттің өзі екіге бөлінеді: діндар дәуір, ділмәр дәуір. Діндар діншіл деген мағынада, ділмәр-тілшен деген мағынадағы сөздер. Қазақ әдебиетінің діндар дәуірі де, ділмәр дәуірі де халық әдебиетін дамытып, күшейтуден туған дәуірлер емес, басқа жұрттардың әдебиетінің әсерінен туған дәуірлер. Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы, әдебиетінен үлгі алып, соларды еліктегеннен пайда болған. Ділмәр дәуір орыс әдебиетінен үлгі алып, соларды еліктегеннен пайда болған» деген пікірі нақты емес [1, 435]. Жоғарыда айтқанымыздай, діндар дәуір деп қай кезенді айтып отырғаны белгілі болғанмен, ділмәр дәуір деп атағаны қай кезең екенін нақтыламаған және анықтама да бермеген. «Орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соны еліктеуден пайда болып отыр» деуіне қарағанда, 1910 жылдардан бергі әдебиетті айтып отырған секілді көрінеді. Оны анықтауды мақсат тұтпай әдебиеттің тегі мен түрін сөз етуге орай сындар дәуірін әліптеп кетеді. Оны түсіндіргенде, орыс әдебиетін қоспай «Европа әдебиетімен танысқаннан кейін қазақ ақындары сөздің асыл болатын сырын біле бастады. Қазақ әдебиетінің сындар дәуірі Абай сөздерінен басталады», - деп тағы да ескертеді. Бұл біздің 1910 жылдан бергі әдебиетті айтып отыр ма деген пікіріміздің негізсіз екенін дәлелдейді. Олай болса, А.Байтұрсынұлы жазба әдебиетті хронологиялық жолмен дәуірлеп отырмаған болып шығады.

Анықтап қарасақ, А.Байтұрсынұлы дәуірге бөлу негізіне көркемдік әдісті алып отыр. Еңбекте әдеби ағым мен көркемдік әдіс туралы әдеби-теориялық пайымдаулардың жоқтығы белгілі. Ендеше бұл үш дәуірді көркемдік әдіске орай талдап көрелік. Орыстың атақты теорик әдебиетшісі Г.Н.Поспелов романтизмді әдеби дамудың сатысы ретінде қарастыру барысында, әуелде ол діни-моральдық (религиозно-моралистический) сипатта көрінгенін айтады. «В результате социально-политической революции, происшедшей во Франции... все передовые европейские литературы приняли в основном романтический характер. Ранние английские романтики, поэты Бордсворт и Колридж, выступившие еще в 1970-х годах и образовавшие «озерную школу» искали свои идеалы в историческом прошлом. По специальной проблематике они были продолжителями сентименталистов, а романтический пафос вытекал из их религиозно-моралистических стремлений, иногда доходящих до мистицизма и таящих в себе примирение с действительностью. Это был религиозно-моралистический английский романтизм. А гражданский романтизм Байрона и Шелли был самым прогрессивным течением в английской литературе начала века», - деп жазады [7, 263]. Оны дәлелдеу үшін әр елдің әдебиетіндегі діни-моральдық және азаматтық романтизмнің пайда болуын атап-атап көрсетеді. «В «1820-х годах Лимартин своей лирикой создал религиозно-моралистическое течение французского романтизма. Крупнейшим представителем гражданского романтизма в Франции был Виктор Гюго», «В Германии сначала возник религиозно-моралистический романтизм представленный творчеством Новалиса и Гофмана. Гражданский романтизм в Германии не обладал ни

отчетливостью идеалов, ни сильными талантами», - деп нақтыласа, орыс әдебиетіне келгенде «Сначала в России развивался религиозно-моралистический романтизм, особенно ярко представленный творчеством Жуковского», - деп жазады. Бұларды М.Горький: «Керек десе француз әдебиетінде лаулап өскен романтизмнің жалпы бағыты бірдей емес, бір жағы мистикаға ұрынған нағыз реакцияшыл болса, екінші жағы, өсіп әдебиет әлемінде ірі өзгеріс жасаған романтизм», - деп екіге жіктеп тастағаннан кейін кеңестік дәуірдегі әдебиеттану ғылымында «революцияшыл романтизм», «реакцияшыл романтизм» деген атаулар пайда болды [8].

Бұл тұрғыдан келгенде, «Әдебиет танытқыштағы» діндар дәуір деп отырғаны - діни-моральдық романтизм, маркстік-лениндік әдіснама бойынша айтсақ, реакцияшыл кертартпа романтизм болып шығады. Ал ділмар дәуір - азаматтық романтизм, яғни қазірше атасақ, революцияшыл романтизм. Сындар дәуір - сыншыл реализм атауының баламасы екені анық. Бұдан шығатын қорытынды: А.Байтұрсынұлы әдебиет тарихын тарихи кезеңдерге бөліп отырған жоқ, әдеби дамудың заңдылығына орай көркемдік әдіс тұрғысынан дәуірлеп отыр. Олай болса, Абайға дейінгі ақын-жыраулар, әнші ақындар шығармашылығы реализммен дамып келді де, сыншыл реализмге ауысты деген пікір туындайды. Әрине, ғылыми дәлелдеу қажет. Абай қазақ әдебиетінде сыншыл реализмнің негізін қалады дегенде оның аспаннан түспегенін, әдеби дамудың тарихи сабақтастығы бойынша қалыптасқанын ғылыми негіздеу қажет-ақ. «...осы сыншыл реализм туралы 1920 жылдары А.Байтұрсынұлының сындар дәуір деп атағанын ұмытпайық. Сындар дәуірге деген ойлардың бәрі де профессионалдық әдебиеттің көркемдік әдісіне, алған бағытына құйылатын таным-білік екені даусыз» деген пікірде үлкен шындық жатыр [4, 268]. Сонымен қатар қазіргі ахметтану ілімінде «Әдебиет танытқышты» осы заманғы әлемдік әдебиеттанудың контекстінде салыстыра зерттеген А. Ойсылбайдың: «А. Байтұрсынұлы ұсынған асыл сөз теориясы, қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу концепциясы, ғылыми қағидалары әлі де көкейкесті», - дегені көңіл аударарлық тұжырым [9, 14].

Рас, «Әдебиет танытқышта» әдеби ағымдар мен көркем образ, тақырып және идея, сюжет және композиция туралы әдеби-теориялық тұрғыдағы жүйелі баяндалған тараулар жоқ. Бұлардың қамтылмауы кемшілік болып табылмайды. Себебі, әдеби-теориялық ой-пікір оларды сөз етуді енді ғана қолға ала бастаған еді. Сонымен қатар, әдебиет туралы ғылымның тууы - әдебиет тарихынан не теориясынан белгілі бір терең мәні бар еңбектің жазылуымен жүзеге аспақ емес. Ол - зерттеушілік ой-пікірдің қайшылықтарға толы кезеңдерінен тұратын ұзаққа созылатын үдеріс. Бұған қоса әр кезеңде туындаған әдеби-теориялық білімдер жиынтығы мен сыншылдық таным-білік тудыратын көркем әдебиет те аса қажет екені белгілі.

Қазақстанда «ұлтшыл-алашордашыл» атанған арыстарымызды әшкерелеу науқаны ерекше қарқынмен жүрді. Ол ұлттық әдебиеттану ғылымының туғандығын дәлелдеп берген, келешектегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағыт-бағдарын біршама анықтаған оқулықтар мен оқу құралдарын, зерттеу мақалаларды, ғылыми еңбектерді түгелге жуық пайдаланудан шығарып

тастады. Ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің қалыптасуына еңбек сіңірген, шығармашылық кескін-келбетін айқындап енді жасақтала бастаған сыншы әдебиетші кадрлары тағы да саясаттың құрбандығына айналды. Сондықтан да ғылыми зерттеу жұмыстарындағы бұрынғы дәстүрден қол үзбей жаңамен байланыстыратын тың жол іздеді. Бірақ, буржуазиялық идеологияға қарсы күрес өрістеп, жаңа заман талаптарына сай дамуға ұмтылған ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің ізденістері ретінде байқалған формализм, фрейдизм, олардың биографиялық, компаративистік әдістерін, мәдени-тарихи мектептің өз бағыттарын жалғастыруға деген қадамдарын сталиндік басшылықтағы маркстік-лениндік әдіснама қаталдықпен талқандап отырды. Көп жағдайда оған саяси астар беріп, ұлтшылдықты, тап жауларын әшкерелеумен байланыстыру орын алды. Сондықтан да орыс әдебиеттану ғылымындағыдай қазақтың ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірі 1920 жылдардағы айқындала бастаған бағытынан жаңылып, жаңа әдіснама талаптарына сай амалсыздан икемделе бастауға мәжбүр болды.

Бірақ, партияның көркем өнер мен ғылым саласындағы саясаты мен идеологиясы оған қараған жоқ. Дүниетанымдық көзқарасы социалистік қоғам рухында тәрбиеленіп, әдебиетке енді ғана араласа бастаған жас күштердің алдына орасан зор міндеттер қойды. Олардың бірі орта және жоғарғы мектепті маркстік-әдіснаманы басшылыққа ала отырып жазылған оқулық, оқу құралдарымен қамтамасыз ету міндеті болды. Міне, сондықтан Қ.Жұмалиев пен Е.Ысмайыловтың әдебиет теориясының күрделі мәселелеріне бара алған еңбектерін сөз еткен уақытта, зерттеу нысанасына алып отырған саланы жан-жақты қарастыруға мүмкіндік бермеген уақыт пен заман талабын және сталиннің жеке басына табынушылық зардаптарын есте ұстау керек.

Бұл ұлттық әдебиеттану ғылымының туу кезеңінде айрықша еңбек етіп келген әдебиетші-сыншы кадрларды әдеби, ғылыми ортадан аластап тастады. Олардың әдеби және ғылыми мұрасын 1950 жылдардың орта кезіне дейін зерттеу және пайдалану мүмкіндігінен айырылған ұлттық әдебиеттану ғылымы ғасырларға созылған ұзақ жолында өте ауыр жағдайға тап келді. Бірақ сарабал сыншы-әдебиетшілердің 1920-30 жылдардағы әдебиет теориясы бағытындағы қажырлы ізденістерінің жемісі ретінде танылып, ұлттық әдебиеттану ғылымының туу кезеңінің аяқталғанының куәсі ретінде Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» (1938), Е.Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелері» (1940) жарыққа шықты. Бұл жерде ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің шын мәнінде ұшқырлық танытқанын, дәуір талабынан табылуға ұмтылғанын атап айту керек. Орыс әдебиеттану ғылымында маркстік-лениндік эстетикаға негізделген Л.Тимофеевтің «Теория литературы» (1934), И.Виноградовтың «Әдебиет теориясы» (1936), «Стиль туралы майдан» (1937), Г.Поспеловтің «Әдебиет теориясы» (1940) аталатын еңбектері енді ғана жарық көрген еді. Қ.Жұмалиев Е.Ысмайылов амалсыздан осы орыс ғалымдарының маркстік-лениндік әдіснама талаптарына сай көзқарастарына жүгінуге мәжбүр болды. Соның өзінде өз зерттеуінде А.Байтұрсынұлының ұлттық таным-біліктегі ұстанымдарын басшылыққа алғандықтан Е.Ысмайыловтың «Әдебиет теориясының мәселелеріне» (1940) кеңес дәуірінде тыйым салынды, ғылыми

айналымнан да, оқулық ретінде пайдаланудан да алынып тасталды. Партия мен кеңестік идеология ғылым, өнер, әдебиеттегі «буржуазиялық», «ұлтшылдық» көзқарастарға «аяусыз күрес» жүргізе отырып, маркстік-лениндік әдіснаманы қоғамдық ғылымдарға, оның ішінде әдебиеттану ғылымына, оның сыншылдық, әдеби-тарихи, әдеби-теориялық ой-пікіріне мықтап орнықтырды. Оны былай қойғанда, тәуелсіздік алғаннан бергі отыз жыл ішінде бір рет те қайта басылып шыққан жоқ.

Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» мектепке арналған оқулық жасау мақсатында жазылып, 1938, 1940, 1941, 1942 жылдары бірнеше рет басылып шықты. Негізінен орыс әдебиеттану ғылымындағы теориялық еңбектерді, әсіресе И.Виноградовтың «Әдебиет теориясын» басшылыққа алғандықтан да аудармалық сипаты басым болды. Автордың өзі «Кітаптың кейбір бөлімдері, жеке әдебиет мәселелері Тимофеев, Виноградов кітаптарынан, жаңа әдебиет энциклопедиясынан тура алынып отырылды. 1937-38 оқу жылында жоғарғы дәрежелі педагогикалық мектептерге арнап жасалған әдебиет теориясының программасына сүйеніп жазылды», - деп атап жазғандай, орыс әдебиеттану ғылымындағы зерттеулерді басшылыққа алды. Бұл еңбектер жазылған кезде 1930 жылдары жазылып пайдалануда болған оқулық, оқу құралдарының барлығы «халық жауларының» еңбектері ретінде қолдануға тыйым салынған еді. Сондықтан 1930 жылдардың соңы, 1940 жылдардың басында жазылған оқулықтар мен хрестоматиялардың мектептерді оқу құралдарымен қамтамасыз ету қажеттігін атқарған тарихи мән-маңызы да өте зор болды.

Қазақ әдебиеттану ғылымының теориялық ой-пікірінің өскелең ізденісін танытқан, А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышындағы» пән сөздеріне негізделген Қ.Жұмалиевтің «Әдебиет теориясы» (1938) Е.Ысмайылов жазған «Әдебиет теориясының мәселелері» (1940) ұлттық әдеби-теориялық ой-пікір арнасының тарихи және ғылыми заңды жалғасы болып табылады. Авторлар тек орыстың теориялық еңбектерін ғана пайдаланумен шектелген жоқ, ұлттық танымдағы құнарлы ой-пікір сабақтастығын қиыннан қиыстыра білді. Оны академик З.Қабдоловтың: «Ақаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал басы жоқ кеуде бола ма? Қайтейік, болды деп келдік. Мәселен, айшықтаудың (фигураның) арнау деген түрі бар. Бүкіл дүниежүзілік әдебиет теориясында Арнау деген бірақ түр: шауып шықса, бұған шешендік сұрау қосылып қана ажарлануы мүмкін. Ал қазақ поэзиясында Ақаң осының үстіне үш түр (сұрай арнау, зарлай арнау, жырлай арнау) тауып қосып, құлпыртып әкетеді. Әдеттегі дәстүр жалғастығының заңына орай, осы үш түрлі арнауды әрқайсымыз өзімізше пайымдап, қисындап, кейде тіпті қиыннан қиыстырып бізде (Жұмалиев те, Ысмайылов та, мен де) кітаптарымызға кіргіздік. Бірақ амал не, бұл жаңалықты тапқан Ақаң екенін кезінде ашып айта алмай Қажекеңе сілтеме жасауға мәжбүр болдық» деген пікірі дәлелдей түседі [38, 8]. Қ.Жұмалиев пен Е.Ысмайылов «Әдебиет танытқыштағы» ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірге сүйене отырып, онда қарастырыла қоймаған теориялық ұғым-түсініктерді қамтып, дамытып әкетті. Сол арқылы қызыл империяның теориялық бағыттағы зерттеу еңбектерді пайдалануға тыйым салуынан туған іркілістің орнын толтырып, соны ізденістерге жол салды. Теориялық ой-

пікірдің белгілі бір дәрежеде жалпылық сипаты мен ортақтығын есте ұстай отырып айтар болсақ, бұл еңбектер «Әдебиет танытқыштағы» теориялық мәндегі ұлттық ұғым-түсініктердің желісін үзбей бізге жетуіне, ғылыми қолданыстан шығып қалмауына, жаңа қадамдардың жалғаса беруіне алтын көпір болды. Ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірде әдеби ағым мен көркемдік әдіс, стиль, тақырып, идея, әдебиеттің тегі мен түрі ұғым-түсініктерді бүкіл әлемдік теориялық ой-көзқараспен байланыстыра қарап, нақты мысалдармен дәлелдейді. А.Байтұрсынов еңбегінде негізі қаланған қазақ өлеңінің құрылысы Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов еңбектерінде ғылыми жалғасын тауып тереңдете зерттелінді. Олар өлең сөздің теориясына тән жаңа атаулар енгізді және оны теориялық ой-пікірде орнықтырды.

Ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің ғасырлар бойғы ғылыми бағыттағы ізденістерінің нәтижесі ретінде кемеңгер тұлға А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» дүниеге келді де, әдебиет туралы ұлттық ғылымның туғандығын дәлелдеп берді. Ол әдебиеттану ғылымының туып-даму жолындағы келешек ғылыми-зерттеу жұмыстарына негіз және басшы болуға тиіс еді. Амал не, екі-үш жылдан кейін А.Байтұрсынұлының қазақ зиялыларына төнген алғашқы саяси зұлматтың құрбандығына айналуынан бастап, жетпіс жыл бойы еңбекті ғылыми айналымнан шығарып тастадық. Әйтсе де әдебиет теориясынан кейінде жазылған еңбектерге негіз болумен қатар, танымдық ізденістерде табан тірер басты қайнар көз болып қала берді. Біз бүгінде «Әдебиет танытқыштың» түркі тілдес халықтар ішінде кездеспеген құбылыс екенін мақтана айтуға тиістіміз.

Қорыта келгенде, ұлттық әдебиеттану ғылымының туу кезеңінде әдеби-теориялық ой-пікір саяси-идеологиялық қыспаққа ұшырай отырғанмен де өзіне жол тауып, Алаш арыстары, оның ішінде А.Байтұрсынұлы тұлғасы арқылы ұлттық әдебиеттанудың туу үдерісі тездетіле түсті. Сол арқылы ендігі қалыптасу кезеңіндегі соны ізденістеріне жол ашты, әдеби-теориялық талдау жасаудағы білім негіздерін кемелдендіре түсті. Маркстік-лениндік әдіснаманы басшылыққа алу айқын сезіле бастағанымен, әлі де болса бұрынғы ұлттық сипаттағы үрдісінен де қол үзе қоймады. Ол әдебиет туралы ғылым енді ғана туған кезеңі үшін аз табыс емес еді. Ұлттық әдебиеттану ғылымы өзінің талай қиын-қыстаулы жолдан өткен туу дәуірін аяқтап, социализмнің орнауына байланысты толық үстемдікке ие болған маркстік-лениндік әдіснама қағидаларының талаптарын меңгере отырып, қалыптасу кезеңіне қадам басты.

## **2. А. Байтұрсынұлы еңбектерінде қолданылатын әдебиеттану терминдері**

«Әдебиет танытқыштың» ұлттық әдеби-эстетикалық таным жүйесіндегі ғылыми зерттеушілік маңызы қалыптасқан әлемдік теориялық ұғым, түсініктерге қазақша балама тауып, нақты мысалдармен дәлелдеуінде ғана жатқан жоқ. Әлемдік әдеби теориялық пән сөздерін (терминдер), филологиялық білім жүйесін терең меңгерген А. Байтұрсынұлы өз зерттеуінде қазақ терминологиясын дамытудың қағидаларын басшылыққа алды. Соның арқасында ұлттық әдебиеттанудың ғылыми негізі, әдіснамалық арналары,

жалпы терминдері мен категориялары түп-түгел осы еңбекте қалыптастырылған. Қазақ пән сөздерінің (терминологиясы) бұл қағидаттары ұлт зиялылары ұйымдастырып өткізген қазақ білімпаздардың бірінші съезінде бекітілген болатын.

1920 жылдардың басында қазақ зиялылары ерекше көңіл аударған мәселесі қазақша пән сөздерін (терминдерді) қалыптастыру еді. 1923 жылы маусымның 12-18 күндері Орынбор қаласында өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі руханият әлеміндегі елеулі оқиға болды. Оған Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, Е. Омарұлы, М. Дулатұлы, Н. Төрекұлұлы, Т. Шонанұлы сияқты және тағы басқа да көрнекті ұлт зиялылары қатысып, күн тәртібіне қойылған мәселелерді талқылауы, бұл алқалы жиынның маңыздылығын аңғартады [2].

Съезде жазу ережелері, әліпби мен қазақша пән сөздері мәселесі, ауыз әдебиетін жинақтау, ғылыми және оқу құралдарын шығару, мектеп бағдарламаларыын шығару секілді сол кезең үшін өте зәру мәселелер қаралды. Осылардың ішінде қазақша пән сөздерін (терминдерді) түзу туралы баяндаманы Елдес Омарұлы жасады. Баяндамашы: «Баспа сөзіміз күшейіп, кітап, журнал, газеттеріміздің саны көбейгенмен тілі түсінікті болмаса, оның пайдасынан зияны артық болмақшы. Жүре бара ұзақша кітап тілі мен жалпы бұқараның тілі басқаланып, бірінің сөзіне бірі түсіне алмайтын болып шықпақшы, олай болатын болса, баспа сөзден қазір түгіл түбінде де пайда болмайды. Ол болмай бұқара баспа сөздің былық тілін үйреніп алып, жалпы бұқараның тілі кітап тілінше былығы беретін болса, қазақтың тілі бұзылмақшы. Бұның қайсысы болса да жақсы болмайды» деген өзекті ойды өткір қойды. Баяндамада көтерілген пікірлер мен тұжырымдарға байланысты қызу айтыс туындады.

Съездегі қазақша пән сөздерін (терминдерді) қалыптастыру турасында Х. Досмұхамедұлы, Н. Төрекұлұлы, М. Тұрғанбайұлы, И. Аралбайұы және т. б. пікірталасқа қатысып өз нұсқаларын ұсынды. Ұзақ талқылаудан кейін съезд төмендегідей қаулы қабылдады.

- «1. Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатын болсын;
2. Қазақ тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түрік халықтарынан ізделсін; басқа тіліндегі пән сөздер жалпы түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздер жатырқамай алынсын.
3. Еуропа халықтарының бәріне де сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ сөздер қазақ халқының заңдарына келтіріліп, бізде де пән сөз болып алынсын;
4. қазақтың өз тілінен басқа тілдерден алынған пән сөздер қазақ тілінің баяндамада көрсетілген заңдарынша өзгертіліп алынсын.
5. Қазақша пән сөздерін тексеріп қабылдап алатұғын орын – қазақша білім кеңесі – жалпы қазақ үшін жалғыз болсын; Әр пәннің өзіне дербес комиссияларында тексерілетұғын болсын, олар баспасөзде жарияланып, көптің сынына түскеннен кейін білім кеңесінің қарауына тапсырылып, сонан бекіп шығатұғын болсын;
6. Қазақша пән сөздері әліпби ретімен лұғат кітабы болып жазылып шығарылсын»; [2,105].

Ахаң қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінің пән сөздерін жасау туралы қағидаттарын негізге ала отырып «Әдебиет танытқышты» жазып шықты. Ол



турасында осы зерттеуінде: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен мен жат сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы мүмкін. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болып, жоғарыда айтылған талғау салтының шарты орындалады, - деп атап көрсетті» [1, 340].

Терминологияның дамуына негіз болған осы қағидаттар қаулымен бекітілгеннен соң, 1920 жылдарда барлық сала бойынша қолданысқа енгізіліп, басшылыққа алынды. Оған мысалға «Орысша қазақша әскерлік атаулар» (1926), «Пән сөздері» (1927), «Атаулар сөздігі» (1931) секілді терминдік сөздіктерді атауға болады. Сол сияқты Қ.Кемеңгерұлының «Қазақша-орысша тілмаш» (1925) аталатын екі тілдегі терминдер мен жаңа атаудағы пән сөздері де осы қағидаттар негізінде жүзеге асты.

«Әдебиет танытқыш» - жалпы көркем өнер, оның ішінде әдебиеттің барлық болмысы мен бітімін, көркем шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін анықтау жолында ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірді ғылыми бір жүйеге түсірген және әдебиет теориясына ұлттық сипат дарытуда терминдердің қазақша мағынасын тапқан автордың аса зор еңбегінің жемісі. Тұңғыш ғылыми зерттеу ретінде өз кезеңінде әдеби-теориялық білімдер жүйесінің қалыптасуына ерекше ықпал жасап қана қоймай, қазақ әдебиеттану ғылымының тууына негіз де бола алған еңбек екені айтылуда.

Еңбектегі өнертану, әдебиеттану, фольклортану салалары бойынша осы кестедегідей терминдер жүйесінің жасалуынан Ахаңның кемеңгер ғалымдығы танылады. Мұнда әдебиеттануға қатысты 327 термин қолданылған болса, оның 60-ы (18%) осы күнге дейін пайдаланылып жүр. 267-сі (80%) қазір қолданылмайды. Терминдердің жасалу жолына лингвистикалық тұрғыдан қарағанда, 67 термин дара тұлғада, 223 термин күрделі тұлғалы (2 сөзден 7 сөзге дейін) болып келеді. Белгілі бір сөз өнер құрылысына берілген атау, термин сол құбылыстың адам, қоғам өмірінің рухани-әлеуметтік табиғатынан туындап жатқандықтан да (атау, терминдердің мағыналарына құбылысты телу емес) ойға оралымды, көңілге қонымды болып шыққан. Сондықтан да «жалпы әдебиет дегеннің болмысы мен бітімін толғаған сөз өнерінің - әліпбиі» бола алған «А.Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышы» - қазақ әдебиеттану ғылымының үлкен көрсеткіші болумен қатар, теориялық ой-жүйесіне мықтап түрен салған, қазақтың парасатты толғамын, ойшылдығын эстетикалық таным-білігінің молдығын танытқан кезеңдік туынды» [4, 10].

«Әдебиет танытқышта» әдеби ағымдар мен көркем образ, тақырып және идея, сюжет және композиция туралы әдеби-теориялық тұрғыдағы жүйелі баяндалған тараулар жоқ. Бұлардың қамтылмауы кемшілік болып табылмайды. Себебі, әдеби-теориялық ой-пікір оларды сөз етуді енді ғана қолға ала бастаған еді. Сонымен қатар, әдебиет туралы ғылымның тууы - әдебиет тарихынан не теориясынан белгілі бір терең мәні бар еңбектің жазылуымен жүзеге аспақ емес. Ол - зерттеушілік ой-пікірдің қайшылықтарға толы кезеңдерінен тұратын

ұзаққа созылатын процесс. Бұған әр кезеңде туындаған әдеби-теориялық білімдер жиынтығы мен сыншылдық таным-білік тудыратын көркем әдебиет те қажет.

Қорыта келгенде, ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің ғасырлар бойғы ғылыми бағыттағы ізденістерінің нәтижесі ретінде «Әдебиет танытқыш» дүниеге келді де, әдебиет туралы ұлттық ғылымның туа бастағанын дәлелдеп берді. Ол әдебиеттану ғылымының туып-даму жолындағы келешек ғылыми-зерттеу жұмыстарына негіз және басшы болуға тиіс еді. «Амал не, екі-үш жылдан кейін А.Байтұрсынұлының қазақ зиялыларына төнген алғашқы саяси зұлматтың құрбандығына айналуынан бастап, жетпіс жыл бойы еңбекті ғылыми айналымнан шығарып тастадық. Әйтсе де әдебиет теориясынан кейінде жазылған еңбектерге негіз болумен қатар, танымдық ізденістерде табан тірер басты қайнар көз болып қала берді. Біз бүгінде «Әдебиет танытқыштың» түркі тілдес халықтар ішінде кездеспеген құбылыс екенін мақтана айтуға тиістіміз» [10, 296].

Расында да «...сонау 20-шы жылдары Ахандар жасаған қағидаттар, терминологиялық жұмыстарды жүргізуде басшылыққа алатын жаңа қағидаттар қалыптастыруға негіз болатындығы күмән келтірмейді» [11, 121]. Бұған ғалым А.Ойсылбайдың «А. Байтұрсынұлы: «Әдебиет танытқыштағы қазіргі әдебиет теориясы» (2015) зерттеуіндегі «Әдебиет танытқыштағы» пән сөздері жүйесі» тарауында Ахаң қолданған пән сөздері баламасы мен әлемге ортақ жалпы терминдік атауларды салыстыра берген кестесінің де айтары мол [9, 158]. Біз тек қана әліпбилік тізбесін беріп отырмыз, ал автор оны салыстырмалық тұрғыда тереңдетіп әкеткен. Жалпы бұл - «Әдебиет танытқыштың» барлық болмыс-бітімі мен табиғатын барынша ашуға ұмтылған және ахметтану іліміне қосылған сапалы еңбек деуге тұрарлық зерттеу.

А. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» әр теориялық ұғым-түсінікті қалай түсіндіргені мен әрбір терминнің қазақша баламасын осы әліпбилік тізім арқылы нақты тану қиын емес. Оны жүйелі түрде түсіну және орындау үшін әдебиеттану пән атауларын (терминдерін) алдымен әдебиеттің жанрларына сай жоғарыдағы кесте бойынша, содан кейін әліппелік (алфавиттік) тізбе жүйесімен салыстыра қарастырған жөн.

## Әдебиеттануға арналған пән сөздері атауларының әліппелік тізбесі

### А

азат ұйқас	ауысу түрлері
аралас ұйқас *	алмастыра ауыстыру
ақын тілі *	ала шумақты өлеңдер
ауыстыру түрлері*	алты тармақты өлеңдер
ауысу	арнай әсерлеу
айшық тақтасы (шумақ)	айшық түрлері
айтқан, жазған бетуаны (пікірді)	ауызша шығарма
келтіріп сипаттау	

айтыс, дарынды сөз  
ауыз шығарма  
ауыз әдебиеті\*  
айтыс өлең  
айтыс-тартыс  
ауыз ертең  
айтыс\*  
ауыз толғау  
ауыстыру

айтыс-тартыс түрлері  
айтыс сөз  
азапты тартыс, яки сергелдең (драма)  
азаптаныс (трагедия)  
арамтер, яки әурешілік (комедия)  
аралас түр  
аралатпа ұйқас  
арнау  
аңыз өлең\*

## Ә

әдебиет танытқыш  
әуен өнері (музыка)  
әншейін тіл  
әдіс\*  
әсерлеу (лептеу) әдісі  
әншейін теңеу  
әдейі теңеу  
әсерлеу түрлері  
әсірелеу  
әнді өлең  
әуезе қара сөз

әліптеме қара сөз  
әуезе қара сөз түрлері  
әліптеу (суреттеу) түрлері  
әуезе дарынды сөз  
әуезе жыр  
әуезе, яки әңгіме сөздер түрі  
әзіл\*  
әлектекті тартыс, яки мерт (трагедия)  
әлектеме  
әурешілік, яки арамтер (комедия)  
әуреленіс

## Б

бейнелеу ауыстыру  
бернелеу ауыстыру  
бүкпелеу  
бүкпелеу әсерлеу  
бесік жыры\*  
беташар\*  
билік шешен сөз\*  
білгір шешен сөз  
бунақ\*  
буын\*  
бунақ буындары

бас қатырғыш  
бас бунақ  
бас бунағы үш буынды өлең  
бас бунағы төрт буынды өлең  
бас бунағы бірыңғай емес өлең  
бата\*

байланыс\*

бастамасы  
баяндамасы  
баяндама сипаттары

## Ғ

ғылым (пән)  
ғылым сыны

ғұрып сөзі  
ғұрып сөзі түрлері

## Д

дамыту әсерлеу  
дауыс ағыны  
дарынды сөз (назым)  
дарынды сөз сыны  
дарынды сөз түрлері  
ділмар (афоризм) сөз

дерт көшіру  
ділмар дәуір  
діндар дәуір  
діндар дәуір түрлері  
даттау  
даттау, яки сөгіс толғау

## Е

екі бунақты тармақ (жыр)\*  
екі тармақты шумақ \*  
екі шумақты айшық  
ертек жыр

ермектеме түрлері  
ертегі\*  
ертегі (батырлар) жыр

## Ж

жай сөйлеу түрі  
жар-жар\*  
жай өмірбаян  
жалпы тарих  
жалқылау әдісі  
жалқылау әліптеу  
жалпылау әліптеу  
жалғыз бунақты тармақ  
жалғыз шумақты айшық  
жеке шумақты өлеңдер

жеті тармақты шумақ  
жол әліптемесі  
жазба шығарма  
жын шақыру  
жұмбақ\*  
жаңылтпаш\*  
жоқтау\*  
жарапазан\*  
жын шақыру\*  
жазу әдебиеті

## З

заман хат  
зауықтама сауықтама

зауықтама түрлері  
зауықты тартыс

## К

көсем сөз  
көрнек өнері  
кескін өнері  
көріктеу  
көріктеу (айқындау) әдісі  
көркейту, айқындау  
көріктеу ауыстыру  
кекесіндеу

кекесіндей әсерлеу  
көп шумақты айшық  
көңілді сөз  
күлдіргі тартыс  
күліс толғауы, яки күлкілеу  
күлкілеу, яки күліс толғауы  
күлкілеудің түрлері  
кіші кезең

## Қ

қара сөз (насыр)  
қайталақтау  
қайталақтау әсерлеу  
қателігін көрсетіп сипаттау  
қысқа тармақты  
қалып сөзі  
қалып сөзі түрлері  
қошемет шешен сөз

құрт шақыру  
қисса\*  
қулық  
қулықты тартыс  
қулық түрлері  
қорытпасы  
қыздырмасы  
қысқа тармақты ұйқастық

## Л

лақаптау айқындау  
лептеу (әсерлеу)

лұғат ауысуы

## М

мазмұнды аңдату  
мазмұнды мазмұндау (баяндау)  
мазмұнды қорыту  
мазмұн түрлері  
мазмұнның әуезе түрі  
мазмұнның әліптеу түрі  
мензеу әдісі  
мәністеп, дәлелдеп сипаттау  
мәнді өлең  
мінездеме\*  
мерт, яки әлектекті тартыс  
(трагедия)

мысал келтіріп сипаттау  
мысалдар\*  
мақал\*  
мәтел\*  
мінажат  
мақтау  
марқайыс толғауы  
масқаралау  
мазақ\*  
мысқыл\*

## Н

насыр (қара сөз)  
насихат  
намыс, соғыс толғауы  
намыстаныс

назым (дарынды сөз)  
неке қияр\*  
налыс (мұңайыс)

## Ө

өлең\*  
өленді сөйлемдер  
өлең жорғағы  
өлең шығару өнері  
өлең айшығы

өлең ағындары  
өрнекті сөйлемдер  
өмірбаян\*  
өз өмірбаяны  
өтірік өлең\*

өлең кестесі

ойламайдау  
ойламалдау түрлері

пайымдама әдістері  
пайымдама баяндамасының  
сипаттары  
пайымдама қара сөз  
пайымдаманың ойлау оңтайы  
пәнді әліптеу

роман (ұлы әңгіме)\*

сөйлестірген түр  
саясат шешен сөз  
сегіз тармақты шумақ  
сәулет өнері (архитектура)  
сымбат өнері (скульптура)  
сөз дұрыстығы  
сөз өнері (әдебиет)\*  
сөз өнері ғылымы\*  
сөз талғау  
сөз әуезділігі  
сөйлеу әуезділігі  
сәнді әліптеу  
сын\*  
сын түрлері  
сын күлкі

тысқы тіл жағы  
тірнек өнері  
тіл тазалығы\*  
тіл анықтығы\*  
тіл дәлдігі\*

О

он тармақты шумақ

Е

пәнді жалқылау әліптеу  
пайымдама түрлері

пән (ғылым) \*

пәнді жалпылау әліптеу

Р

С

салыстырып сипаттау  
сауықтама ауыз әдебиеті  
сап толғау  
сарындама ауыз әдебиеті  
сарындама ауыз әдебиеті тараулары  
салт сөзі  
салт сөз түрлері  
сындар дәуір  
сап толғау  
сұқтаным  
соғыс толғау  
сөгіс толғауы, яки даттау  
сықақ\*  
                                сиқырлы тартыс  
сергелден, яки азапты тартыс (драма)

Т

талдама оңтай  
тармақ\*  
тармақ кезеңдері  
тармақ толғаулар  
тармақ ұйқастығы\*

тіл көрнектілігі  
тіл көрнектілігінің әдістері  
тең шумақты өлеңдер  
теңеу\*  
теңеу түрлері\*  
тіл ауысуы  
түйдектеу әсерлеу  
тіл (лұғат) әуезділігі  
төрт тармақты шумақ  
төрт бунақты тармақ (жар-жар)  
төрт буынды бунақ  
терме өлең\*  
тақпақ\*  
той бастар\*  
терме\*

тарих\*  
тарихи әңгіме\*  
толғау дарынды сөз  
тарихи жыр\*  
толғау табы  
терме оңтай  
толғау\*  
төрт шумақты айшық  
толғау түрлері\*  
тартыс сөз  
тартыс тараулары  
тартыстың түрлері  
тұтас шумақты өлең  
түрлі тармақты ұйқас

## Ұ

ұзын тармақты ұйқастық  
ұзын тармақты ұйқас  
ұлы әңгіме (роман)  
ұлы кезең  
ұзақ сөз

ұсақ әңгімелер  
ұстасу  
ұстасудың түрлері  
ұсынбасы

## Ү

үгіт өлең  
үміт өлең  
үш бунақты тармақ  
(қара өлең)

үш буынды бунақ  
үш шумақты айшық

## У

уағыз шешен сөз

## Х

хат түрі

хикаят\*

## Ш

шығарма тілі ғылымы  
мазмұнының қара сөз жүйесі  
шығарма тілі ғылымы  
мазмұнының дарынды сөз жүйесі  
шығарма мазмұны\*

шығарма, шығарма сөз\*  
шығарма жоспары\*  
шендестіру әсерлеу  
шумақ\*

шығарма түрі*	шумақты өлеңдер
шығарма мазмұнының	шығарма тақырыбы*
негіздік түрлері	шумақ түрлері*
шығарманың тысқы тіл жағы	шешен сөз*
шығарманың ішкі тіл жағы	шешен сөз түрлері*
шығарма тілінің ғылымы	шығарма түрлері
шығарма түрінің ғылымы	шиеленіс*
шығарма тілі ғылымының	
шешіліс (формасының)	шығарма тілі*
тіл қисыны жүйесі	шын күлкі

***Ескерту: \* жұлдызшамен берілгендер – қазір қолданылаты***

### **Әдебиеттер:**

1. А.Байтұрсынов. Ақжол. – Алматы: Жалын», 1991. - 464 бет.
2. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. – Алматы: 2005. 144 б.
3. Қазақ әдебиеті, 1989, 6 қаңтар.
4. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. - Алматы: Санат, 1994. – 448 б.
5. Кәкішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы: Ана тілі, 1992. 264 б.
6. Қабдолов З. Ахаң һәм әдебиеттің әліп-биі //Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – Б. 3-8.
7. Пospelов Г.Н. Закономерности исторического развития литературы //Введение в литературоведение. – Москва: Высшая школа, 1983, 326 с.
8. Горький М. Романтизм және Жуковскийдің халықтығы туралы //Литературная критика, 1937, № 6.
9. Ойсылбай А. «А. Байтұрсынұлы: «Әдебиет танытқыштағы қазіргі әдебиет теориясы». – Алматы: Елтаным баспасы, 2015. 200 б.
10. Смағұлов Ж. Қазақ әдбиеттану ғылымының тарихы. – Алматы: Қазақ университеті. 1999, 432 б.
11. Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану. XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы. 1910-1930жылдыр. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. 240 б.



